

Төтенше жағдай туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы № 387 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жергілікті жерлерінде төтенше жағдайды енгізудің және оның қолданылуының негіздерін, мерзімдерін, тәртібін, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай – адам шығындарына, денсаулыққа зиян келтіруге, елеулі мүліктік шығындарға немесе тұрғындардың тіршілік әрекеті жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан әлеуметтік қатынастар саласындағы белгілі бір аумақта қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдай;

2) жергілікті жердің коменданты – Қазақстан Республикасының Президенті тағайындағынын, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердегі комендатураның қызметіне басшылық жасайтын және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күштер мен құралдарды біртұтас басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам;

3) жергілікті жердің комендатурасы – төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Президенті құратын уақытша арнаулы орган;

4) коменданттық сағат – арнайы берілген рұқсаттамасыз және жеке басын күәландыратын құжаттарсыз көшелерде және өзге де қоғамдық орындарда не үйлерінен тыс жерлерде жүргуге тыйым салынатын тәулік мезгілі;

5) төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қорғау мүдделеріндеған қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара;

6) төтенше жағдай енгізілетін жергілікті жердің шекаралары – Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерінің аумағы;

7) Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия – төтенше жағдай енгізу кезеңіне Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен құрылатын арнаулы мемлекеттік басқару органы.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-В Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Төтенше жағдайдың құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының Конституациясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері төтенше жағдайды енгізудің құқықтық негізі болып табылады.

3-бап. Төтенше жағдайды енгізудің мақсаты

Төтенше жағдайды енгізуге себеп болған мән-жайларды жою, адам мен азаматтың қауіпсіздігін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қорғауды қамтамасыз ету төтенше жағдайды енгізудің мақсаты болып табылады.

1-1-тарау. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі

Ескерту. Заң 1-1-тараумен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-В Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-1-бап. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі

1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі төтенше жағдайды енгізуге негіз болып табылатын, әлеуметтік сипаттағы төтенше мән-жайлардың алдын алуды және оларды жоюды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың шұғыл ден қоюы мен жұмыс істеуінің айрықша режимін білдіреді.

2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі жекелеген жергілікті жерлерде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік орган басшысының шешімі бойынша енгізіледі, ал осы Заңның 3-2-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда оны Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган енгізеді.

3. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі кезінде шұғыл ден қою және басқару жүйесінің жұмыс органы жедел штаб болып табылады.

4. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған кезде әлеуметтік сипаттағы

төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органға жәрдемдесуге және қажетті көмек көрсетуге міндетті.

5. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және жою мақсатында әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік орган:

1) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай аймағына бару үшін, сондай-ақ, егер кідірту адамдардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төндіруі мүмкін болса, шұғыл медициналық көмекке мұқтаж адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен, меншік иелеріне материалдық залал келтірілген жағдайда оны өтей отырып, көлікті (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа) пайдалануға;

2) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды қолдануға құқылы.

5-1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік орган мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалануға құқылы. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын броньнан алу тәртібімен шығару Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін пайдаланылған мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаржаты есебінен жүзеге асырылады.

5-2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған немесе төтенше жағдай енгізілген жағдайларда, мемлекеттік материалдық резервтің

материалдық құндылықтарын тасымалдауды көлік үйымдары бірінші кезектегі тәртіппен жүзеге асырады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған материалдық құндылықтарды тасымалдауға көлік үйымдары материалдық құндылықтарды көрсеткен кезде алдын ала төлемсіз қабылдайды.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдау шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимінің қолданылу мерзімі оны енгізуге негіз болған мән-жайларды жою мерзімінен аспауға тиіс.

**Ескерту. 3-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен
(алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік жиырма бір қун өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3-2-бап. Мемлекеттік органдардың әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өтуден; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге әрекеттенуден; тероризм актілерінен; билікті күштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституциясын бұза отырып, билікті күштеп ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттерден; диверсиялардан; қарулы бүліктен туындаған төтенше жағдайларды анықтайды, олардың алдын алады және жолын кеседі.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жергілікті атқарушы орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жаппай тәртіпсіздіктерден; ұлтаралық және конфессияларлық жанжалдардан; жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық объектілерді қоршап алудан немесе басып алудан; заңсыз қарулы құралымдардың үйымдасуынан және әрекетінен туындаған төтенше жағдайлардың алдын алады және оларды жоюды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қарулы қақтығысты құштеп тану мақсатында басқа мемлекеттер тарарапынан болған арандатушылық

іс-әрекеттерден; Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзудан туындаған төтенше жағдайлардың алдын алуға қатысады.

3-3-бап. Жедел штабтар

1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында тұрақты жұмыс істейтін республикалық және өңірлік (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жедел штабтар құрылады.

Осы Заңның 3-2-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда жергілікті атқаруышы орган жедел штаб құрады, оның құрамына жедел штаб басшысының орынбасары ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілі, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

Терроризмге қарсы іс-қимыл жасау жөніндегі жедел штабтар "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылады.

2. Жедел штабтар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 3-3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-4-бап. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар

1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар мемлекеттік органдардың кешенді күштері мен құралдары пайдаланыла отырып, мемлекеттік органдардың бұрын бекіткен жоспарларына сәйкес, ал осы Заңның 3-2-бабының 1-тармағында көзделген әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу (анықтау, жолын кесу) жөніндегі мемлекеттік органдармен бұрын келісілген және жергілікті атқаруышы органдар бекіткен жоспарларға сәйкес ұйымдастырылады.

2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар кезінде жедел штаб басшысының шешімі бойынша мынадай уақытша шектеулер:

- 1) қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата тұру;
- 2) жеке және (немесе) занды тұлғаларға байланыс қызметін көрсетуді тоқтата тұру және (немесе) байланыс желілерін және құралдарын пайдалануды шектеу;
- 3) қоғамдық тәртіптің сақталуын, мемлекеттік күзетуге жататын объектілерді және халықтың тыныс-тіршілігі мен көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін

объектілерді, сондай-ақ ерекше материалдық, тарихи, ғылыми, көркем немесе мәдени құндылығы бар объектілерді құзетуді қүшайту;

4) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында тұратын жеке тұлғаларды уақытша көшіру;

5) қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, күшті әсер ететін химиялық және улы заттардың саудасына шектеу қою немесе тыйым салу, дәрілік заттардың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсас заттар мен прекурсорлардың, этил спиртінің және алкоголь өнімінің айналымына ерекше режим белгілеу қолданылуы мүмкін.

3. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарының шекараларын жедел штабтың басшысы айқындайды.

2-тaraу. Төтенше жағдайды енгізу мен оның күшін жоюдың шарттары, негіздері, тәртібі

4-бап. Төтенше жағдай енгізудің шарттары, негіздері

1. Төтенше жағдай Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі.

2. Төтенше жағдайды енгізу негіздері болатын мән-жайларға, осы баптың 1-тармағының талаптары сақталған жағдайда:

1) шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өтуден; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге әрекеттенуден; терроризм актілерінен; билікті күштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституациясын бұза отырып, билікті күшпен ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттерден; жаппай тәртіпсіздіктерден, ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан; жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық объектілерді қоршап алудан немесе басып алудан; заңсыз қарулы құралымдарды дайындаудан және олардың әрекетінен; қарулы бүліктен; диверсиядан; қарулы қақтығысты күштеп тану мақсатында басқа мемлекеттер тарарапынан жасалатын арандатушылық іс-әрекеттерден туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар;

2) дүлей зілзала (жер сілкінісі, сел, қар көшкіні, су тасқыны және басқалар), дағдарысты экологиялық жағдайлар, табиғи өрттер, эпидемиялар мен індеттер, ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен зақымдалуы, өнеркәсіптік, көліктік және басқа авариялар, өрттер (жарылыстар), күшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті

заттар аяға жайылатын (жайылу қаупі бар) авариялар, үйлер мен ғимараттардың кенеттен құлауы, су бөгеттерінің бұзылуы, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін электрэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылғыларындағы авариялар себеп болған және жағдайды дереу тұрақтандыруды, құқық тәртібін қамтамасыз етуді, қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдай жасауды талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жатады.

Дүлей зілзаланың немесе кең көлемді аварияның (апаттың) нақты қаупі де азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынуы негізінде төтенше жағдай енгізуге негіз болуы мүмкін.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.08 № 266-IV Зандарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Төтенше жағдайды енгізу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі төтенше жағдайды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Парламенті палаталарының төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Қазақстан Республикасының Президенті тиісті жарлығымен енгізеді, бұл туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабарланады.

2. Төтенше жағдай қалыптасқан жағдайды өзге шаралар қолданумен реттеу мүмкін болмаған жағдайда енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресми баспа басылымдарында дереу жариялануға тиіс және барлық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа жеткізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығы Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімде қолданысқа енгізіледі.

6-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығының мазмұны

Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығында:

- 1) осы Заңның талаптарына сәйкес төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар;
- 2) төтенше жағдайды енгізу қажеттігінің негіздемесі;
- 3) төтенше жағдай енгізілетін жерлердің шекаралары;
- 4) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күштер мен құралдар;
- 5) осы Заңға сәйкес енгізілетін шаралардың және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі;
- 6) төтенше жағдайды енгізу кезеңінде құрылатын мемлекеттік басқарудың арнайы органдары және олардың өкілеттігі;
- 7) төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар (лауазымды адамдар);
- 8) төтенше жағдайды енгізу уақыты және оның қолданылу мерзімі қамтылады.

7-бап. Төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында енгізілетін төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі - 30 тәуліктен, ал оның жекелеген жерлерінде 60 тәуліктен аспауға тиіс.

2. Төтенше жағдай енгізілген мерзім өткеннен кейін төтенше жағдай тоқтатылды деп есептеледі.

3. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті тиісті акт шығару арқылы осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдер шегінде оның қолданысын ұзартуға құқылы.

8-бап. Төтенше жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізілген кезде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің және жергілікті атқарушы органдар резервтерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен Қазақстан Республикасының төтенше бюджеті енгізілуі мүмкін. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыру бұл жағдайда төтенше бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төтенше бюджеттің қабылдануы туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне деру хабарланады.

9-бап. Төтенше жағдайдың күшін жою

1. Егер төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылған болса, Қазақстан Республикасының Президенті оның күшін ол енгізілген мерзім аяқталғанға дейін толық немесе ішінара жоюға құқылы.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды толық немесе ішінара жою жөніндегі Жарлығы Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімде қолданысқа енгізіледі.

10-бап. Төтенше жағдайдың құқықтық режимінің ерекшеліктері

Парламентті және Парламент Мәжілісін төтенше жағдай кезеңінде таратуға болмайды.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР-ның 2009.04.29. № 154-IV Заңымен.

3-тарау. Төтенше жағдай кезеңіне енгізілетін мемлекеттік басқарудың арнайы органдары.

Төтенше жағдай режимін

қамтамасыз ету

11-бап. Төтенше жағдай кезеңіндегі мемлекеттік басқарудың арнайы органдары

1. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі мәселелерді шүғыл шешу және іс-шараларды жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік басқарудың төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы органдарын құруы мүмкін, оларға:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия;

2) жергілікті жердің комендатурасы жатады.

2. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Мемлекеттік комиссия) төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайлар Қазақстан Республикасының екі және одан да көп әкімшілік-аумақтық бірліктірінің аумағында туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен құрылады.

3. Комендатураның қызметі Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен үлгі ереже негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.14 № 117, 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

12-бап. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

1. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайларды жою жөнінде шаралар әзірлеу;

2) төтенше жағдай енгізілген аумақтың қызметін басқару мен қамтамасыз ету жөнінде жедел іс-шаралар жүргізуді ұйымдастыру;

3) төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларды уақытша тұруға арналған тұрғын үй-жайларға орналастыруды, оларға қажетті көмек көрсетуді ұйымдастыру;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатураларының төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі қызметін үйлестіру;

5) төтенше жағдай кезеңінде жүргізілетін іс-шаралардың орындалуын бақылау.

2. Негізгі міндеттерін орындау үшін Мемлекеттік комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатураларының төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі қызметін үйлестіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2) Мемлекеттік комиссияға жүктелген міндеттерді орындау мәселелері бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарын және төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комendantтарын тындауды;

3) орталық және жергілікті атқарушы органдардан, ұйымдардан Мемлекеттік комиссияның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратады және алады;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатураларының төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі іс-шараларды орындаудың бақылайды;

5) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың мамандарын төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою мәселелерін шешу үшін талдамалық, сараптау және басқа да қажетті жұмыстарды орындауда тартады;

6) осы Заңың 15, 16-баптарында көрсетілген қосымша шаралар мен уақытша шектеулерді енгізуудің тиімділігін қарайды. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлар толық немесе ішінера жойылған кезде Қазақстан Республикасының Президентіне қосымша шаралардың, уақытша шектеулердің

немесе төтенше жағдайдаң толық немесе ішінде күшін жою туралы тиісті ұсыныстар енгізеді. <*>

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.14. № 117 Занымен.

12-1-бап. Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру

1. Мемлекеттік комиссия орталық, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінен және төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің коменданттарынан құрылады. Мемлекеттік комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді және ол төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларға байланысты болады. Мемлекеттік комиссия төрағадан, мүшелерден және хатшыдан тұрады. Мемлекеттік комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді.

Мемлекеттік комиссия мүшелерінің және комиссия жұмысын қамтамасыз ету үшін тартылатын мамандардың жұмыс орындары мен негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталады.

2. Мемлекеттік комиссияның отырыстарын қажеттілігіне қарай оның төрағасы шақырады, ал оның шешімдері хаттамалармен ресімделеді. Мемлекеттік комиссияның мүшелері отырыстарға алмастыру құқығынсыз қатысады.

Отырыстың күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер Мемлекеттік комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі шешімді жақтап дауыс берсе, қабылданады деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төраға жақтап дауыс берген шешім қабылданады деп есептеледі. Мемлекеттік комиссия өз құзыретіне сәйкес қабылдайтын шешімдер орталық, жергілікті атқарушы органдардың және төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатураларының, жеке және занды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына жарлықтар мен өкімдердің тиісті жобаларын енгізеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен Премьер-Министрі өкімдерінің тиісті жобаларын енгізеді.

Ескерту. 12-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.14. № 117 Занымен.

13-бап. Төтенше жағдай енгізілген жер комендантының өкілеттіктері

1. Төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің комендантурасы өзінің төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

Жергілікті жердің комендантурасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын комендант және жергілікті жер комендантурасының аппараты құрайды, оның құрамы төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар негізге алына отырып айқындалады.

Комендант – Қазақстан Республикасының Президентіне, ал Мемлекеттік комиссия құрылған кезде Қазақстан Республикасының Президенті мен Мемлекеттік комиссияның төрағасына бағынады.

Жергілікті жердің комендантты болып:

шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өту кезінде; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге әрекеттеген кезінде; терроризм актілері; билікті күштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституциясын бұза отырып билікті күшпен ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттер кезінде; қарулы бүлік; диверсия кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің;

жаппай тәртіпсіздік; ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдар; экстремистік топтардың жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық обьектілерді қоршап алуы немесе басып алуы; заңсыз қарулы құралымдардың дайындалуы және әрекеті; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің;

қарулы қақтығысты күштеп таңу мақсатында басқа мемлекеттер тарапынан жасалатын арандатушылық іс-әрекеттер; Қазақстан Республикасының аумақтық тұластығын бұзу кезінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілі тағайындалады.

2. Төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің комендантты:

1) өз өкілеттіктері шегінде барлық жеке және занды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ ішкі істер органдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде орналасқан (дислокацияланған) және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін қосымша тартылатын әскери құралымдар бастықтарының (командирлерінің) тиісті аумақта орындауы міндетті төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде бүйрықтар мен өкімдер шығарады;

2) жеке тұлғалардың белгіленген мерзімде белгілі бір жерден кетіп қалуына шектеулер енгізеді, сол жергілікті жердің тұрғындары болып табылмайтын қоғамдық тәртіпті бұзушы адамдарды солардың есебінен өздерінің тұрақты тұратын жерлеріне немесе төтенше жағдай жарияланған жергілікті жерден тыс жерлерге шығарып жібереді, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде занылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

3) қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде орын жеткіліксіз болған жағдайда төтенше жағдай режимін бұзған, ұсталған адамдарды ұстаудың қосымша орындарын айқындайды;

4) ұйымдардың басшыларын өз міндеттерін, коменданттың бүйрықтары мен өкімдерін тиісінше орындауына байланысты төтенше жағдайдың қолданысы кезеңінде жұмысынан шеттетеді;

5) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде осы Занда көзделген қосымша шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану қажеттігі туралы ұсыныстармен Қазақстан Республикасының Президентіне жүгінеді және осы шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қосымша қаржыландыру туралы ұсыныстар енгізеді;

7) тиісті жергілікті жердің тұрғындарын төтенше жағдай кезінде қолданылатын, енгізілген шаралар мен уақытша шектеулерді орындау қажеттігі туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді;

8) жергілікті өкілді және атқарушы органдардың барлық отырыстарына қатысуға және өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы;

9) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің комендатурасы жанынан журналистерді аккредиттеуді жүзеге асырады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Жергілікті жердің комендатурасы жұмыскерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

4. Төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің комендатурасын құру қорсетілген аумақта жұмыс істейтін жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қызметін тоқтатпайды.

5. Төтенше жағдай енгізілген аумақта төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті жердің комендантты өз өкімімен жергілікті атқарушы

және өкілді органдардың, орталық мемлекеттік органдардың төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жоюға кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің қолданылуын режим кезеңінде тоқтата түруға құқылы.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-В (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Зандағымен.

14-бап. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге арналған құштер мен құралдар

1. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік органдардың құштері мен құралдары пайдаланылады.

2. Қажет болған жағдайларда Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының негізінде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілмей Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері мынадай міндеттерді орындау үшін:

1) төтенше жағдай енгізілген жерге кірудің және одан шығудың ерекше режимін сақтауға;

2) ерекше режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін және көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді, адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіретін объектілерді күзетуге;

3) арнайы құралдарды, қаруды қолдану, сондай-ақ әскери және басқа да техниканы пайдалану арқылы күш көрсету әрекеттері орын алған жанжалдарға қатысқан тайталасуышы тараптарды айыруға;

4) зансыз қарулы құралымдар қызметінің жолын кесу ісіне қатысуға;

5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және адамдар өмірін құтқару ісіне қатысуға қолданылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мақсатында ғана төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге тартылады.

4. Осы баптың 2-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген міндеттерді Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері ішкі істер және

ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп орындаиды. Бұл орайда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолдану, әскери техниканы пайдалану шарттарына, тәртібіне және шектеріне қатысты бөлігіндегі ережелері қолданылады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-1-бап. Төтенше жағдай кезінде байланыс желілерін басқару

1. Төтенше жағдай кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тізбе бойынша мемлекеттік органдардың, үкіметтік байланысты, сондай-ақ шұғыл қызметтердің байланыс желілері мен құралдарын қоспағанда, байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ олардың қызметін тоқтата тұруға құқығы бар.

2. Байланыс желілері мен құралдарын беру және байланыс операторының байланыс желілері мен құралдарын пайдаланған кезде олардың шеккен шығындарын өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаиды.

3. Байланыс желілері мен құралдарының иелері адамдар өмірінің теңіздегі, жердегі, әуедегі, ғарыш кеңістігіндегі қауіпсіздігіне, Қазақстан Республикасында қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау саласында кезек күттірмейтін іс-шараларды жүргізуге қатысты барлық хабарламаларға, сондай-ақ төтенше жағдайлар туралы хабарламаларға абсолюттік басымдық беруге тиіс.

Ескерту. Заң 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер

15-бап. Төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер

Төтенше жағдай енгізілген кезде оның күшінде болу кезеңіне мынадай негізгі шаралар мен уақытша шектеулер:

- 1) қоғамдық тәртіптің сақталуын, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің құзетілуін қүшету;
- 2) төтенше жағдай енгізілген жерде жүріп-тұру еркіндігін, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігін шектеу;
- 3) жеке тұлғалардың жеке басын қуәландыратын құжаттарды тексеру, оларды жеке тексеру, олардың жанындағы заттарын, көлік құралдарын тексеру;
- 4) төтенше жағдай енгізілген жерге немесе Қазақстан Республикасының аумағына кіруге, сондай-ақ олардан шығуға шектеу белгілеу;
- 5) жиналыстарды, митинглер мен демонстрацияларды, шерулер мен тоқсауылдарға тұруды, ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық ішшараларды, сондай-ақ туумен, үйлену тойымен, қайтыс болумен байланысты отбасылық салт-жораларды өткізуге тыйым салу немесе шек қою;
- 6) ереуілдерге және занды тұлғалардың қызметін тоқтата тұрудың немесе тоқтатудың өзге де әдістеріне тыйым салу;
- 7) жарылғыш, радиоактивті, сондай-ақ химиялық және биологиялық қауіпті заттарды пайдаланатын занды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру;
- 8) егер төтенше мән-жайларға байланысты материалдық және мәдени құндылықтардың жойылуының, ұрлануының немесе бүлінуінің нақты қаупі болса, оларды қауіпсіз аудандарға көшіру;
- 9) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде ол қолданылатын бүкіл кезең ішінде сайлау және республикалық референдумдар өткізуге тыйым салу;
- 10) үкіметтік байланысты қоспағанда, байланыс желілері мен құралдарының қызметін тоқтата тұру көзделеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық занымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын қосымша шаралар мен уақытша шектеулер

1. Осы Заның 4-бабы 2-тармағының 1) тармақасында көзделген мән-жайлар болған кезде төтенше жағдай енгізілген жағдайда, төтенше жағдай енгізілген жерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер:

- 1) коменданттық сағат енгізу;
- 1-1) аумақтық қорғаныс ішшараларын жүргізу;
- 2) баспа басылымдарының міндетті даналары мен радио және телехабарларының материалдарын сұратып алу арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауды жүзеге асыру;

3) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жоюға кедергі келтіретін саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тоқтата тұру немесе тоқтату;

4) көшіру-көбейту техникасын, радио және телехабарларын беру аппаратурасын, дыбыс және бейнежазба техникасын пайдалануға шек қою немесе тыйым салу, сондай-ақ дыбыс күшейткіш техникалық құралдарды уақытша алып қою;

5) азық-тұлік пен бірінші кезекте қажетті заттарды сатудың, сатып алушың және бөлудің ерекше тәртібін орнату;

6) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және қаржылай қаражаттың бірден бірге өтуін қоса алғанда, жеке және заңды тұлғалардың қаржы-экономикалық қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруына шек қою;

7) қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, улы заттар сатуға шек қою немесе тыйым салу, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, сондай-ақ этил спиртінің, алкоголь өнімдерінің айналымына ерекше режим белгілеу;

8) жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, улы заттарды уақытша алып қою, ал заңды тұлғалардан қаруға, оқ-дәріге және улы заттарға қоса әскери және жауынгерлік оқу техникасын, жарылғыш және радиоактивті заттарды уақытша алып қою көзделеді.

Төтенше жағдай кезінде қолданылатын қосымша шаралар мен уақытша шектеулер Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы Заңның 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мән-жайлар орын алған кезде төтенше жағдай енгізілген ретте, төтенше жағдай енгізілген жерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер:

1) тұрғындарды оларға міндепті тұрде уақытша тұрғын үй-жайлар бере отырып қауіпсіз аудандарға уақытша көшіру;

2) карантин енгізу, санитариялық-эпидемияға қарсы және індектеке қарсы іс-шараларды жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік материалдық резервті пайдалану, заңды тұлғалардың ресурстарын тарту, олардың жұмыс режимін өзгерту және төтенше жағдай кезінде қажетті өнімдер шығаруға қайта бағдарлау;

4) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу және қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты жағдайларда Қазақстан

Республикасының еңбек заннамасының талаптарын міндettі түрде сақтай отырып, еңбекке жарамды тұрғындарды және жеке тұлғалардың көлік құралдарын аталған жұмыстарды жүргізуге тарту көзделеді.

3. Осы Заңның 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мәнжайлар болған кезде төтенше жағдай енгізілген жағдайды, төтенше жағдай енгізілетін жерде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық обьектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілді түрде қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылған материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың мемлекеттік резерві болмаған немесе жеткіліксіз болған кездегі ерекше жағдайларда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мүлікті реквизициялау "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253, 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарамен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. Төтенше жағдай кезіндегі жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар құқықтарының кепілдігі және олардың жауапкершілігі

17-бап. Төтенше жағдай кезінде шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану шектері

1. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ занды тұлғалардың құқықтарын шектеу, оларға қосымша міндеттер жүктеу төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар туыннатқан шектерде жүзеге асырылуға тиіс.

2. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер адам құқықтары саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға қайшы келмеуге тиіс.

18-бап. Төтенше жағдайдың күшінде болуы кезеңіндегі жеке және занды тұлғалар құқықтарының кепілдіктері

1. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардал шеккен жеке тұлғаларға тұрғын үй-жайлар беріледі, материалдық зиянның орны толтырылады, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және шекте қажетті көмек беріледі.

2. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою қажеттіліктері үшін мұліктері мен ресурстары пайдаланылған жеке және заңды тұлғаларға материалдық залалды сонымен бірдей өтеу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз) Заңымен.

19-бап. Дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолданудың, әскери техниканы пайдаланудың шарттары мен шектері

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолданудың, әскери техниканы пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттары мен шектері төтенше жағдай кезінде өзгерілмеуге тиіс.

20-бап. Коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке тұлғаларды ұстau тәртібі

1. Коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке тұлғаларды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе әскери патрульдер - коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал жеке басын куәландыратын құжаттары өзімен бірге болмағандарды жеке басын анықтағанға дейін, бірақ ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша 48 сағаттан аспайтын уақытқа ұстайды. Ұсталған адамдар және олардың өздерімен бірге болған заттары мен көлік құралдарының тексерілуі мүмкін.

2. Ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының ұстau туралы шешімі жөнінде жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға немесе сотқа шағым берілуі мүмкін.

3. Төтенше жағдай енгізілген жерде адамдар мен жануарлардың қауіпті жүқпалы ауруларының таралу қаупінің туындауы салдарынан карантин енгізілген жағдайда, төтенше жағдай режимін бұзған, көрсетілген жерлерде тұрмайтын және басқа да жағдайларда бұл аумақтың шегінен міндепті тұрде шығарылуға тиіс жеке тұлғалар оларды байқауға алудың денсаулық сақтау органдары белгілеген мерзімі аяқталғанға дейін жалпы негізде ұсталып, кідіртіледі.

4. Ұсталып кідіртілген адамдарды ұстau тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңдарымен белгіленеді.

21-бап. Төтенше жағдайдың күшінде болуын тоқтатудың құқықтық салдары

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ занды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеуге байланысты нормативтік құқықтық актілер төтенше жағдай енгізілген мерзім ішінде ғана қолданылады және төтенше жағдайдың тоқтатылуымен бір мезгілде ол туралы арнайы хабарландырусыз-ақ күшін жояды.

Төтенше жағдайдың күшінде болуын тоқтату төтенше жағдай режимін бұзу туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізудің тоқтатылуына негіз болады.

22-бап. Жеке және занды тұлғалардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін жауаптылығы

1. Жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

2. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысушы органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды зансыз қолдануы және әскери техниканы зансыз пайдалануы, сондай-ақ лауазымды адамдардың қызметтік өкілеттігін асыра пайдалануы Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

23-бап. Төтенше жағдай енгізілген жерде сот төрелігін жүзеге асыру

Төтенше жағдай енгізілген жерде сот төрелігін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес соттар жүзеге асырады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

24-бап. Халықаралық ізгілік көмек

Төтенше жағдай енгізілген жерде халықаралық ізгілік көмек Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бөлінеді.

25-бап. Осы Занды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" 1993 жылғы 15 қазандағы Қазақстан Республикасының Заны (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 17, 408-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 101-құжат);

"Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 15 қазандағы Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 17, 409-құжат).

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК